



Дені сау ұрпақ – ұлт мақтанышы

2



Стандарт талаптары сақталу керек

3



Байқауда бағын сынады

4



Сыр бойы



№113 (19791)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyikz

1 тамыз / БЕЙСЕНБІ / 2019 ЖЫЛ

■ ПРЕЗИДЕНТ

Серіктестік нығая береді

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Францияның Экономика және қаржы министрі Бруно Ле Мэрді қабылдады.

Кездесу барысында Мемлекет басшысы Қазақстан мен Франция арасында сенімді екіжақты ынтымақтастық орнағанын, әсіресе, сауда-экономикалық және саяси салаларда зор мүмкіндіктер барын атап өтті.

– Біз Францияны Еуропа Одағы шеңберіндегі негізгі әріптес ретінде қарастырамыз. ЕО – Қазақстанның басты сауда серіктесі. Екіжақты сауда көлемі 4,5 миллиард долларға жетті. Ал Франциядан ел экономикасына тартылған тікелей инвестициялар көлемі 15 миллиард доллардан асты, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстанда жұмыс істеп жатқан француз компанияларының табысты қызметін атап өтіп, Франция министріне елімізде олардың тиімді жұмыс істеуі үшін барлық жағдай



жасалатынын айтты.

Б.Ле Мэр Қазақстан Президентіне жылы қарсы алғаны үшін алғысын білдіріп, Франция мен Қазақстанды көпжылдық өзара тиімді

стратегиялық серіктестік байланыстыратынын атады. Францияның Экономика және қаржы министрі екі ел арасындағы өзара жемісті іс-қимылдарды барынша арттыруға

ниеттестік білдірді.

Соңында Мемлекет басшысы Франция көшбасшысы Эмманюэль Макронға сәлем жолдап, ізгі тілегін білдірді.

мамандарды дайындау барысы және басқа да мәселелер туралы баяндалды.

Сонымен қатар, кездесуде Қазақстанның театр қайраткерлері одағының мәртебесін арттыру мәселесі де сөз болды.

Қасым-Жомарт Тоқаев театр

және кино өнері еліміздің мәдени-рухани дамуында айрықша рөл атқаратынына назар аударды. Сондықтан, осы салалардың дамуына ерекше көңіл бөліп, әрдайым қолдау білдіретінін атап өтті.

akorda.kz

■ ӨНІР ӨМІРІ

Бейнеті қатты, татқаны тәтті

Өнімде кәсіпкерліктің көкжиегін кеңейтуде өрелі істер бар. Өткен жылы бір ғана Қармақшы ауданының өзінде 227 жобаға 774 млн теңге жеңілдетілген несиелер беріліп, 300 жаңа жұмыс орны ашылған. Биыл да аудан құралақан емес. Жыл басынан 95 жоба 455 млн теңгеге қаржыландырылып, 134 жаңа жұмыс орны ашылды. Бастысы, мүмкіндікті пайдаланған жұртшылық елге қажеттіні кәсіп қылды.

Дәулет ҚЫРДАН.

ҚАНАТТЫҢ МОНШАСЫ

Жосалы кентінде заманауи монша бар. Қалалық жердегіден кем емес. Кент тұрғыны Қанат Үсенов кәсіп атаулыны зерттеп жүріп, елге қажеттіні тапты. 2016 жылы «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы арқылы грантка ие болса, араға бір жыл салып «Жұмыспен қамту – 2020» әлеуметтік бағдарламасы шеңберінде де әжептәуір қаржылық қолдау тапты. Нәтижесінде жергілікті жұртшылыққа сапалы қызмет көрсетіп отыр.

– Күнделікті жағамыз. Үш-төрт адамды жұмыспен қамтып отырмаймыз. Сапалы қызмет көрсетілсе, келушілерден арылмайтын жер болады. Біз бағасын төмендетіп, сапасын жоғарылатып жұмыс істейміз. Кент орталығында қажетті нысандардың бірі болатын. Халықтың алғысына бөленіп отырмыз, – дейді кәсіпкер Қанат.

Жас кәсіпкердің тын идеялары мол. Мемлекет берген мүмкіндікті пайдаланып, биікті бағындыруға болатынын айтады. Әсіресе, биылғы «Жастар жылында». Енді «Қызылорда өңірлік инвестициялар орталығы» қаржы ұйымынан

мал бордақылау жобасына төмен процентпен несиелен алмақ. Құжаттар өткізіп қойған.

– Негізінде бұрын төрт түлдіктің ішінде қой өсіргенмін. Шопан ата тұқымы қолға ұстауға қолайлы. Енді бордақылау жұмысын бастамақпын. Ата-бабамыз жылқы бағып, қой өсірген ғой. Қанымызда бар қасиет өрге бастайтынына сенімдімін, – дейді талапшыл жас.

Кәсіпте беделі мен тәжірибесі бар мықты танысым «Дағдарысқа бағынбайтын үш кәсіп бар. Олар – монша, шаштараз, тамақ өнеркәсібі» деген еді. Расымен, дүкенде киім өтпеуі мүмкін, бірақ талғауыңыз тірлік болмайды. «Иманның жар-тысы – тазалық» деп өткен дана халық монша мен шаштаразға ат басын бұрмай қояны да мүмкін емес жағдай. Ендеше, Қанаттың қолға алған кәсібі де өркен жаймақ.

«АНС»-ТА ТАБЫС БАР

Қазір көлік жөндеудің өзі орталықтандырылған. Бұрын бір жерден электрлік ақауын, екінші жерден қозғалтқышын жөндеуіп жүретін. Қазір бір орталыққа кірсеніз, көліктегі мәселелеріңізді шешіп шығасыз. Осындай ны-

санның бірі – Жосалы кентіндегі «АНС» көлік жөндеу орталығы.

Игорь Маханов мұнда 2 жылдан бері жұмыс істейді. Табысы жақсы, жағдай жасалған. Темір тұлпардың ақауын 10 жылдан бері жөндеумен айналысатын шеберге алғысын айтушылар көп. «Көлік жөндеу – сүйікті ісім» деген ол өз міндетін мұқият орындап жүр.

– Бізге шетелдік көліктің түр-түрі келеді. Өзіңге электр ақауларын жөндейтін маман жетіспейді. Басқасының барлығын осында жөндеп алуға мүмкіндігі бар. Мұнда көлігіңіз қозғалтқышы, шаңағы мен негізгі бөлшектері зақымданғандар көп келеді, – деді Игорь бізбен әңгімелескенде.

Орталықтың иесі Бауыржан Алпысбайұлы «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы арқылы 6,7 млн теңге несиелен алған. Бұрыннан бар нысан, бірақ қайта жаңғыртып, жанартып, барлық қажетті құрылғылармен қамтамасыз етті.

– Бір ғана мәселе – автоэлектрик маман. Егер маман тапсақ, келушілер осы жерден көлікті толық жөндеп шыға алады. Өзім бала кезден темірге құмар болдым. Кейін осы хоббиімді кәсіпке айналдырамын дегенмін. Алла сәтін салып, үлкен орталық аштық. Қазір шетелдік көліктің қайсыбір түрін болмасын, жөндей аламыз, – дейді Б.Алпысбайұлы.

«АҚНИЕТТІҢ» АУҚИМЫ КЕҢ

Аудан орталығында құрылыс дүкендері мен базар жұмыс

істеп тұр. Сол кәсіпті ертеден бастағандардың бірі – Эльмира Жұбанова. Ол 15-20 жылдан бері отбасының нәпакасын осы дүкеннен айырып отыр. «Ақниет» құрылыс заттары дүкеніне жұртшылықтың көзқарасы да ерек, келушілердің қарқыны да бөлек.

– Кәсібімді кеңейту мақсатында «Байқоңыр» ӘЖК арқылы 8 млн теңге жеңілдетілген несиелен алдық. Үйдің құрылысы, ішкі жұмыстар, есік-терезе, жиһаздың бәрі бар. Келушілердің көңілі толалық. Сұраған затын тауып беруге тырысамыз. Отбасылық кәсібімізді кеңейтіп, пластик терезе шығаратын цех та аштық. Арнайы жиһаз да жасаймыз. Жолдасым Бақыт Донбаев – ағаш ұстасы. Сондықтан жиһаз жасау қиынға соқпайды, – дейді Э.Жұбанова.

Мұнда 3 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Ал сырттан жұқ көліктерімен зат келгенде уақытша қосымша жұмыс күші керек болады. Ол кезде де жергілікті тұрғындар арасынан уақытша жұмысқа келетіндер бар.

– Мәселен, дәл қазір біз зат түсіріп жатырмыз. Осы сәтте аудандан жұмыссыз жастарды тартармыз. Біздің жұмысымыз жеңілдейді, оларға да азын-аулақ табыс болады. Кәсіпкер тек жеке басын ғана емес, айналасы да ойлап отыру керек. Елдің ішінде нан тауып отырған соң жұртшылыққа жәрдемің де тигені ләзім. Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін ұғына жұмыс істегенде ғана тасын өрге домалайды, – дейді іскер Эльмира.

Қармақшы ауданы.

■ ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Қарауылтөбеге газ келді

Қызылорда қаласының әкімі Н.Нәлібаев бүгінде қалаға қарасты ауылдарды аралап жүр. Ауылдағы инфрақұрылым, көркейту-қоғалдандыру, әлеуметтік жағдай және өзге де мәселелер шаһар басшысының назарынан тыс қалмақ емес.

Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА.

Алғашқы бағыт – Қарауылтөбе ауылдық округі. Бұл ауылда тұрғындардың көптен күткен арманы орындалып, көгілдір отын мәселесі шешімін тапты. «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ ауылдағы А.Иманов көшесіндегі тұрғын үйлерге газ құбырын жеткізіп берді. Бұл мақсатқа 33 млн теңге жұмсалған. Мұнан бөлек, 138 үйге тұрғындардың өз қаражаты есебінен жыл аяғына дейін газ құбырын тартуға мүмкіндік бар. Сонымен қатар, ауыл көшелерін жөндеу жұмыстары да өз кезегімен жүргізілуде. Ұзындығы 1,6 шақырымға жуық С.Байсейітов көшесі асфальтталса, енді кіреберістегі орталық көшені жөндеуде облыстық бюджеттен 48 млн теңгеден астам қаржы бөлінген. Мердігер мекеме «Стандарт Ойл КЗО» ЖШС жөндеу жұмысын жалғастыруда.

Ақсуат ауылдық округінде де жүйелі жұмыс байқалады. «Ақмешіт – адалдық алаңы» жобалық кеңсесі қала әкімі ғимаратында орналасқан алғашқы офис болса, енді адалдыққа үндейтін бұл жоба Тасбөгет кенті мен Ақсуат ауылдық округінде жүзеге асты. Қала әкімі ауылдағы адалдық алаңының жұмысымен танысып, «Орел Спасс» форматы аясында ауыл тұрғындарын жеке қабылдады. Аталған жоба шілде айынан жүзеге аса бастаған. Бір сөзбен айтқанда, енді ауыл әкімі де ашық кеңседе жұмыс жасайды. Әйнектің мөддірілігі халық пен билік

байланысының деңгейін байқатқандай, яғни, ашықтық, жариялылыққа үндейді.

Ауылда балабақша мәселесі шешімін табатын күн алыс емес. Бір кездері балабақша ғимараты кітапхана, мәдениет үйіне айналса, енді қайта күрделі жөндеуден өтіп, мемлекеттік балабақша болғалы тұр. Бұл мақсатқа облыстық бюджеттен 67 млн теңге бөлініп, «АВМ Элит» ЖШС ғимаратты күрделі жөндеуден өткізуде. Қала әкімі ғимаратты аралап көрді. Балабақша қыркүйек айында пайдалануға беріледі. Ауыл бұддіріштерін өзінде жеке балабақшаларда және «Наурыз» шағын ауданындағы «Сыр самалы» балабақшасында тәрбиеленуде. Сұранысқа сай жаңа ғимарат 120 орынға арналса, мұнан бөлек 55 адамды тұрақты жұмыспен қамтитын болады.

– Елбасы ауылдарға көңіл бөлу қажеттігін айтқан болатын. Осыған орай, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы бойынша бұл елді мекенге 431 млн теңгеден астам қаражат бөлінді. Бұл – елге жасалған қамқорлық. Жұмыстың нәтижесін күтеміз, – деді қала басшысы Н.Нәлібаев.

Расында ауылда атқарылған жұмыс бар. Айталық, аймақ бойынша 264 елді мекеннің ішінде «Үлгілі ауыл» байқауының жеңімпазы атанып, облыс әкімінің 10 млн теңге грантын ұтып алған ақсуаттықтар кәсіпкерлікті дамытуда да өзгелерге үлгі.



■ ТҰТЫНУШЫ ҰСЫНЫСЫ

Төлемшіге тиімділік қажет

Шиелі ауданының тұрғындары облысымызда алғашқылардың бірі ретінде «көгілдір отынның» игілігін көре бастағандарын мақтаныш етеді. Бұл, расында, халық тұрмысына деген көп жеңілдік әрі бұрынғы қарабайыр тірлікке қарағанда зурешілігі мен шығыны аз игілік.

Шиелі кенті бойынша 6488 тұрғын үй болса, соның ішінде 5338 отбасы яғни аудан орталығы тұрғындарының 82 процентіне газ желісі жеткізілген. «Алайда, әлеуметтік жағдайына байланысты 1150 отбасы бұрынғы тіршілігін қанағат тұтып отыр», дейді аудандық газ шаруашылығы мекемесінің басшылары. Әрине, олардың да алдағы уақытта бұл игілікті пайдалана бастайтыны анық. Тағы бір қуанарлығы, аудандағы кей ауылдар көгілдір отынды пайдалана бастады. Мәселен, Бидайкөл ауылынан 23 абонент тіркелсе, Жакаев ауылында 57 отбасы газ жүйесіне қосылды. Сондай-ақ, Ақмая және Байсын ауылдарында табиғи газ жүргізу жұмыстарының техникалық шарттары қарастырылу үстінде.

Газдандыру – халық тұрмысына көп жеңілдік. Дегенде, үйлестіру жұмыстары

барысында шалағайлық деуге болатын жағдайдың да бар екенін жасыруға болмайды. Абоненттер тұтынып қызмет ақысын төлеу барысында банкке сабылып, уақытын шығындау зурешілігінен құтыла алмай келеді. Көпшілікке белгілі, жұмысқа қолы іліккен жастар жұмыс кезінде әрі-бері сабылуға мұршасы болмаса, осындай әлеуметтік төлемдерді мойнына ілген зейнеткерлер тізелері тоғысып зуре-сарсаңға көп түседі. Сондықтан да тұрғындар тілегін ескере отырып, газ мекемесінің ішінде арнайы төлемдер терминалын орнатса, барынша тиімді болар еді. Бұл ұсыныс газ тарту операторының басшылары бейжай қарамайды деп үміттенеміз.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Шиелі ауданы.



Қылышбай БИСЕНОВ: “Өңір дамуына үлес қосу депутаттық қана емес, азаматтық парызым”

Депутат – халық қалаулысы ғана емес, елдің жауапкершілігін, сенімін арқаулап жүрген жан. Халықтың алдында айтылған уәдені орындау, әрдайым көп ортасынан табылу, қоғамдағы өзекті мәселені қозғау ең алдымен осы депутаттарға жүктелетіні белгілі. Халық алдында берілген уәде, айтылған сөз қаншалықты орындалуда? Осы орайда, облыстық мәслихат депутаты, мәслихаттың әлеуметтік және мәдени мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Қылышбай Бисеновпен болған сұхбатты ұсынамыз.

– Қылышбай Адабергеновты, сұрақты алдымен сіздің сайлауалды бағдарламаңыздан бастасак, Депутат ретінде атқарған істеріңізді атап өтсеңіз, қаншалықты деңгейде орындалуда?

– Депутат – халық қызметшісі. Халықтың атынан сөз сөйлеуге өкілеттілік алған, елдің игілігіне қызмет етуші. Сондықтан депутат болу абырой мен мәртебе ғана емес, халық алдындағы жауапкершілік, сенім мен парыз. Сонымен бірге халық қалаулысы ретінде сайлаушылар алдындағы әрбір берген уәдене берік болып, оны орындау жолында аянбай еңбек ету деп білемін.

Мен облыстық мәслихат депутатына №17 сайлау округінен сайландым. 15 мыңға жуық сайлаушы бар. «Nur Otan» партиясының «Қазақстан – 2021: Бірлік, Тұрақтылық, Жасампаздық» атты сайлауалды бағдарламасын басшылыққа ала отырып, сайлаушылардың мақсат-мүдделеріне орай жұмыстар жүргізіп келеміз.

Қазіргі уақытта облыстық мәслихаттың «Әлеуметтік және мәдени мәселелер» жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасымын. «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде округте жол жөндеу және жарықтандыру жұмыстарының сапалы іске асуына қажетті қолдау көрсетіліп келеді. Сонымен бірге сайлаушылар аманатын уақытылы орындауға жұмыс жүргізілуде. Бас жоспарға сәйкес қаланың инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын дамытуға бағытталған бағдарламалардың орындалуы да көпшіліктің көз алдында.

Елбасының «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» бағдарламасының жүйелі жүзеге асыруы белсенді түрде жүргізіліп, индустриялық-инновациялық дамудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында қабылданған инвестициялық жобалардың іске асуы және сол арқылы жаңа жұмыс орындарының ашылуына белсенді қолдау көрсету, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті білікті мамандар даярлау үшін жоғары және техникалық-кәсіптік білім беретін оқу орнындарын тиімді басқару жүйесін жетілдіру үшін жұмыс жүргізу – басты назарда. Одан бөлек, ғылыми жаңалықтарды өндіріске енгізу мен технологияларды коммерцияландыру үшін тиісті мекемелермен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауға қол жеткізу мәселесі бойынша университет жанында бірнеше ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтар ашылды. Ондағы зерттеу жұмыстарының нәтижесі еліміз ғылымының дамуына тікелей үлес қосуда. Ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыруда, оларды әзірлеу мен ендіру мерзімдерін қысқартуға университет жанында қызмет жасап келе жатқан «Агробиологиялық және қолданбалы зерттеулер» ғылыми орталығы мен «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институты, «Шокайтану» орталығының жұмыстарын атауға болады. 2016-2017 оқу жылынан Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесін облыстағы жалпы білім беретін мектептерге жүйелі әрі сағаты түрде енгізуге ықпал жасау, 2017 жылдан бастап Елбасы тапсырмасы бойынша «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім» жаңа білім беру жобасы да кезең-кезеңмен жүзеге асып келеді. Өңірдегі мектептердің, әсіресе, шағын комплексті мектептердің педагог-қадрларға деген сұранысын ескере отырып, қосарланған мамандық бойынша мектеп мүгеделілерін даярлау жұмысы да өз нәтижесін берді. Тұрақты комиссия отырысында осы мәселе қаралып, Қармақты аграрлық-техникалық колледжінің жатақханасына күрделі жөндеуге қажетті 344,8 млн. Арал индустриалды-техникалық колледжінің тендеріне

алынған ғимаратты күрделі жөндеу үшін жобалау сметалық құжат әзірлеуге 3,5 млн, Қазалы көлік-техникалық жоғары колледжінің оқу өндірістік шеберханасы мен Жаңақорған аграрлық-техникалық колледжінің оқу ғимаратына күрделі жөндеуге жобалау сметалық құжаттарын әзірлеуге және жатақханасының материалдық-техникалық базасын жаңартуға 14,7 млн теңгеге, 14 колледждегі жалпы білім беретін пәндердің кабинеттерін заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету мақсатында кәсіби пәндерден арнайы зертханаларды жабдықтау үшін 270,6 млн теңгеге, жергілікті бюджет есебінен жұмысшы мамандықтар бойынша білім алатын оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету үшін 647,0 млн теңгеге облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы тиісті бюджеттік өтімні енгізу ұсынылды.

Әрине, сайлау округінде бұдан басқа да көптеген әлеуметтік, инфрақұрылымдық мәселелер бар. «Мектеп» сайлау округінің жартысы темір жолдың арғы беті – КБІ шағын ауданында орналасқан. Сол себепті жолдарды жөндеу, жарықтандыру жұмыстарын жүргізу және сайлаушылардың көтерген ұсыныстары уәнесі назарымызда. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстарды одан әрі жалғастырамыз. Абай даңғылы бойындағы №5 оқу ғимараты жанынан жаңу жүргізіліп көрінген салу мәселесі тікелей менің депутаттық сауалымның нәтижесінде өз шешімін тапты. Ал сайлаушыларды жекелеген сұрақтар бойынша «Nur Otan» партиясының облыстық филиалында арнайы кесте бойынша қабылдау өткізіледі.

– Жалпы мәслихат депутаттарының алдында қазір қандай басымдықтар бар?

– Ел дамуына үлес қосу – баршамыздың міндетіміз. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық өсіп-өркендеуі, елдің хал-ахуалының жақсаруын қамтамасыз ету үшін облыстың индустриалды-инновациялық даму бағдарламасының жүйелі жүргізілуіне, оның іс жүзіне асуына мәслихат депутаттарының үлесі зор деп білемін.

Мәслихат депутаты өз округінің сайлаушыларының жағдайына байланысты жергілікті басқару органдарына сауал жолдауға, жиналыс өткізуге, тиісті әкімдік отырыстарының жұмысына қатысуға толық мүмкіндігі бар. Олай болса, өз сайлаушыларының ең басты мәселелерін, әсіресе, әлеуметтік мәселелерін шешуге атсалысу арқылы ел дамуына тікелей үлес қосатыны анық. Өздеріңізге белгілі, соңғы жылдары мемлекет индустриалды аймақтарды дамытуға баса көңіл бөліп отыр. Мұның аймақтардың экономикалық өсіп-өркендеуіне, жаңа жұмыс орындарының ашылуына, облыстағы тұрғын үй құрылысының дамуына, халықтың баспаналы болуына жәрдемдесіп, елдің әлеуметтік жағдайының жақсаруына айтарлықтай септігін тигізетіні рас. Біздің де негізгі мақсатымыз – түрлі қызмет көрсету саласындағы халыққа тікелей пайда-сы бар жобаларды дамыту, бюджет кірістерінің артуын, экономиканың аграрлық сектор табысының молаюын, шағын және орта кәсіпкерліктің дамуын қамтамасыз ету.

Сыр өңірі – табиғи қазба байлықтарға бай өлке. Жер қойнауында мұнай және газ қорымен қатар, қорғасын, мырыш, алтын, күміс, темір, ванадий, молибден қорлары бар. Логистикалық қызмет көрсету секторын дамыту да – облыс үшін ең маңызды саланың бірі. Осындай стратегиялық маңызды салаларды дамыту өз кезегінде білікті мамандарды қажет етеді. Осы жерде айта кетейін, Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты ретінде осы өңірдің дамуы мен өркендеуіне үлес қосу менің тек депутаттық



қана емес, азаматтық парызым деп санаймын.

– Сіздің сайлауалды бағдарламаңызда нағыз бүгінгі күннің өзекті мәселесі әлеуметтік сала жұмысына назар аударылған. Яғни, көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға берілетін жәрдемақының әлеуметтік түрлерінің жалпы сомасына теңестіру, жас отбасыларын, әлеуметтік әлсіз топтарды баспамен қамтамасыз ету секілді мәселелерді қозғасаңыз. Бұл тұрғыда қандай жұмыстар атқарылды?

– Аныан өмірдегі ең үлкен бақыты – дүниеге сәби әкелу. Ал, көп баланың анасы болуы нағыз ерлік десе болады. Көпбалалы ана болуы оңай емес, сондықтан да еліміздегі көпбалалы аналардың хал-жағдайына мән беру, үнемі көмек көрсету міндетіміз. «Әр баланың өз несібісі бар» десе кет, оның оқуы, жоғары білім алуы мен ұлттымыз үшін қасиетті саналатын үйлену тойын жасап, баспана әперу – әрбір ата-ананың парызы екендігі де анық. Сайлауалды бағдарламада көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға берілетін жәрдемақының әлеуметтік төлемдер түрлерінің жалпы сомасына теңестіру бағытында жұмыс жүргізілуі жұмысымын негізгі бағыттары ретінде алғанмын. Осы бағытта нәтижелі жұмыстар жүргізілуде.

Сонымен бірге жас отбасыларын, әлеуметтік әлсіз топтарды баспамен қамтамасыз ету мақсатында неғұрлым қолжетімді және сұранысқа ие жалға берілетін тұрғын үйлердің санын көбейту үшін қазіргі уақытта «Бақытты отбасы» атты бағдарлама жүзеге асырылып жатыр. Бұдан бөлек тұрғын үйдің кезегі бойынша бөлу мәселесінде осы алдымен әлеуметтік әлсіз топтарды басты назарға аламыз. Түрлі қайырымдылық қорлар, демеушілер арқылы да мәселені оңтайлы шешу жолдарын да қарастырып келеміз.

– Сіз облыстық мәслихаттың І шақырылымынан бастап депутат болып келесіз. Осы кездерде бюджеттен қаржы бөлінгенде мынадай мәселеге жұмсалғаны дұрыс еді дейтін кездер бола ма?

– Менің ойымша, бюджеттен қаржы тиісті салаларға өз деңгейінде бөлініп келеді. Дегенмен де, тәжірибе көрсеткендей, денсаулық пен білім беру салаларына қатысты мәселелер өте белсенді түрде талқыланады. Себебі, қандай да болмасын әлеуметтік топқа жатаындығына қарамастан, әрбір азамат үшін бұлар өте маңызды.

Қазіргі таңда білім саласында мектепке дейінгі 667 ұйым жұмыс істейді, онда 60 мыңнан астам бала тәрбиеленуде. Оның 72 %-і жекеменшік ұйымдар. Облыста жалпы білім беретін 293 мектеп бар. Онда 153 мыңға жуық бала білім алууда. 2018 жылғы 7113 оқушы мектеп бітірсе, биыл 5556

оқушы мектеп бітірді. Алдағы жылдан бастап мектеп бітірушілер саны артады деп күтілуде.

Жалпы өңірдің кадрлық әлеуетін көтеру, оның әлеуметтік-экономикалық дамуын білікті кадрлармен қамтамасыз ету үшін осы мәселеге қаржы көбірек бөліне деген ой болады. Облыстық мәслихаттың регламенті бойынша бюджеттен қаралатын қаржы кезең-кезеңмен атқарылатын бағдарламаға сәйкес бөлінеді.

– Өз аймағыңыздың тұрғындарымен жиі кездесесіз бе? Мұндай кездесуде тұрғын үй көбіне қандай мәселені жиі қозғайды?

– Жоғарыда айтып өткендей, бекітілген кесте бойынша міндетті түрде кездесемін. Одан бөлек те кез келген сайлаушы үшін уақыт табымын және ұсыныс-тілектері мен сұрақтары бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп келемін. Әрбір аптаның бейсенбі күні кездесуге жұмыс кестесі жасалған.

Көбіне сайлаушыларды мазалайтын басты мәселе – жұмыспен қамту. Нарықтық қатынастарға негізделген жаһандық экономика өрkez жұмыссыздықты тудырып отырды. Басқа елдерге қарағанда бізде жұмыспен қамту мәселесі біршама оңтайлы шешіліп келеді. Облыс көлемінде жаңадан жұмыс орындарын ашу жүйелі түрде жүргізілуде. Облыстың экономикалық және әлеуметтік даму басымдықтары, мақсат-міндеттері Қызылорда облысының 2020 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясына сәйкес айқындалып, іске асырыла бастады. Шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына «Индустриалды және инновациялық даму», «Бизнес-тің жол картасы-2020», «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» бағдарламаларының жүзеге асырылуы негіз болып отыр. «Бизнес-тің жол картасы-2020» бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлікті қолдауға бөлінген қаржы – мемлекет тарапынан іс бастаймын дегендерге үлкен көмек. Жаңа жұмыс орындарын ашу бағытында жасалған ауқымды жұмыс. Сонымен қатар, облыстық мәслихат депутаты ретінде Жалағаш ауданы, Аққұм ауылында шағын және орта бизнес пен кәсіпкерлікті дамытуға жауаптымын. Ауыл тұрғындарымен жиі кездесіп тұрамын.

– Сіз өзге әріптестеріңіз секілді бизнестің биігіне жүрген жоқсыз. Білім ордасын басқарған азамат ретінде сізге жастардың мәселесі етене таныс. Олай болса, жастар тәрбиесі туралы бірер ауыз айтып өтсеңіз...

– Мені әрдайым толғандыратын басты сұрақ – жастарға сапалы білім, саналы тәрбие беру мәселесі. Еліміздің болашағы жастар десек, тұғырлы, іргелі әрі баянды болашаққа жету үшін жастарымыз барынша білімді, бәсеке-

ге қабілетті болу керек екендігі өмір шындығы. Жастардың білім алу, мамандық таңдау, рухани ұстанымдарын қалыптастыру, қоғамдағы өз орнын табу секілді әлеуметтік кезеңдерден өтуі – өмір заңдылығы. Қоғам өміріндегі білімнің маңызын айта отырып, Елбасы «Әрбір адам, соның ішінде, әсіресе жастар белгілі бір кәсіптік саладан өз болашағын көргісі келетіндігін мойындау қажет. Адам өзінің қайда бет алғандығын анық көрген кезде ғана биікке қарай күш-жігермен ұмтылады» деген қағиданы келтіреді. Сондықтан әрбір жас буын үшін «жол картасы» болатын біліктіліктің ұлттық жүйесін кезең-кезеңмен әзірлеу жоспарын дайындау басты міндет.

«Мен жастарға сенемін!» деп Мағжан ақын жазғандай қазір жастар өте белсенді. Олар мемлекет тарапынан жасалып отырған «Жасыл ел», «Жастар қаржы резерві», «Дипломмен – ауылға!», «Серпін-2050», «Қолжетімді баспана – 2020» және тағы да басқа бағдарламаларды жақсы біледі. Жастар тиянақты еңбек етіп, елімізде болып жатқан оң үрдістерге белсене қатысуы арқылы ғана жетістікке қол жеткізіп, биіктерге көтерілуге болатынын түсініді. Ал, біздің міндетіміз – өз елін, халқын, Отанын сүйетін жас буынның жеке тұлға болып қалыптасуына көмек беру. Жалпы, қазіргі заманғы жастар азаматтық қоғамда мәртебесі кемейтін мейірімділік, әділдік, шыдамдылық секілді адам қиындықтарды басты орынға қойса, нұр үстіне нұр болар еді. Ең бастысы, жастарымыздың өмірлік ұстанымын қалыптасуы керек. Сондықтан рухани қазынаға барынша басымдық беруді басты назарда ұстаудамыз. Біздің өмір сүріп отырған аумалы-төкпелі уақытымыз жайбасарлықты көтермейді. Сол себепті қазақ жастары тәуелсіздіктің тарихи мәнін, маңызын жете түсініп, оның ғұмыры мәңгілік болуы үшін ұлтқа қалтқысыз қызмет етіп, аянбай еңбек етуі керек. Ұлттың бүгінгі мен келешегі – белсенді жастардың қолында дейтін болсақ, ұлттың рухани құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақ ғана ел болашағын қалыптастыра алады.

Халқымыз қашан да ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Атағын ақылмен, анағын ақ сүтпен даярған қасиет келеші Абайдай дана, Шоқарімдей ғұлама, Шоқандай шоқтығы биік тұлғаларды қалыптастырды. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов «Ел боламын десең бегіңді түзе» деген мәнді де, мағыналы тұжырым жасады. Бұл тұжырым бүгінге дейін құндылығын жойған емес.

Менің ойымша, ел мүддесі мен келешегін ойлайтын рухани әлемі бай жастарды тәрбиелеу үшін отбасының, ата-ананың алар орны ерекше. Бала тәрбиесіндегі ата-ананың, отбасының маңызды екендігін білген халқымыз «ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» дегенді бекер айтпаған.

Жастарға қажетті ең басты үш нәрсе бар. Олар – жақсы тәрбие, кеме білім және адал еңбек. Болашақ ұрпаққа тәлімі мол тәрбие беру үшін осы үшеуін ұстану қажет. Ертенімздің айбынды азаматтары болу үшін, әрбір жас ұрпақ – әрі тәрбиелі әрі білімді әрі өнерлі де өнегелі болады деген сенімдемін. Сонда ғана оларды болашақтың кепілі болатын азаматтары дей аламыз. Біздің келешегіміз бүгінгі жас ұрпақ, ал жас ұрпақ тағдыры олардың бойына тәрбие мен білім нәріні себуші ұстаз қолында. Келешегіміздің қалбетті, болашағымыздың баянды болуы бүгінгі жастарға тікелей байланысты. Елдің қуаты мен қозғаушы күші де осы – жастар. Ел болашағы – жастарымыздың жан-жақты қабілетті, білімді болып өсуіне және дамуына тікелей байланысты.

– Қоғамда мамандық таңдау өзекті болып тұр. Ғалым ретінде жастарға қандай мамандық таңдауға кеңес бересіз. Келешектің мамандығын дайындауға біздің оқу орындары дайын ба?

– Мамандық таңдау – бұл кез келген жастың өміріндегі ең күрделі шешімдерінің бірі. Мамандық таңдау алдында «мен бұл мамандықты не үшін таңдаймын?» деген сауалға жауап беріп, ойланған дұрыс. Білмегені болса, мамандар кеңесіне жүгінген

жөн. Ол үшін әрбір жоғары оқу орындарында бірнеше рет ашық есік күндері өтеді. Кәсіби бағыт-бағдар берелі.

Заманына қарай маманы, жаңадану дәуірінде күн сайын жаңа сала мен жаңа саланың мамандары пайда болып жатыр. Сәйкесінше, қызмет түрлері мен мамандықтар да түрліше сипат алууда. Еліміздің түкпір-түкпірінен арман арқаулап келген жас түлектер үшін мамандық таңдайтын маңызды сәт. Жалпы бүгінде инженер, математик, сәулетші, биолог, IT-маман, бизнесті дамыту және сатылым менеджерлері үшін, аталған мамандық бойынша білім алушылар үшін жақсы жаңалық бар. Бұл мамандықтарға деген сұраныс қазірдің өзінде көп және арта бермек. Алайда кәсібилікке, қосымша машықтарға деген сұраныс та ұлғаятын болады. Құрылысшылар мен жұмысшыларды алмастыратын – 3D-принтерлер мен роботтар. Негізін жақсы мамандарға деген сұраныс – қашан да жоғары. Және мамандықтардың басым көбі жойылмайды, керісінше жаңа деңгейге аусыады. Мысалы, өткен ғасырдың ортасында көптеген мамандар телефоншы болып қызмет етсе, технология дамығаннан кейін бұл мамандық жоғалды. Алайда байланыс қызметі әлі де бар. Бүгінде телекоммуникациялық салалар әлем бойынша миллиондаған адамдарды жұмыспен қамтамасыз етуде.

Ал роботтанатын өнеркәсіп мекемелері қайтадан адамдарды жұмысқа шақыруға мәжбүр. Роботтар өз қызметін жақсы атқарады. Бірақ олар – жанашыл ойлар, ішкі түйсік немесе «адам бейнесімен» әдеқандай әрекет жасауға қабілетсіз. Тіпті көп жарнамаланатын автокөлік автопилотының өзі адам көмегіне мұқтаж. Қазіргі таңда мамандар еңбек нарығын үнемі бақылауға кеңес береді. Соңғы 10 жыл ішінде бірқатар жаңа мамандық пайда болды. Әсіресе, оқ галамтор саласына байланысты. Одан бөлек қолдан жасалған бұйымдар мен үй өнімдері деген сұраныс артып, тренд қалыптасты.

Жалпы алғанда келешектің мамандығын даярлауға біздегі білімнің қарашанырағы – Қорқыт ата атындағы университет жүйелі түрде жұмыс жүргізіп келеді. Оқу орнында білім беру қызметін 18 ғылым докторы мен профессор, 205 ғылым кандидаты, доцент, 19 Phd докторы, 500-ден астам оқытушы жүзеге асырады. «2015-2020 жылдарға арналған үштілі білімді дамытудың Жол картасын» іске асыру мақсатында университетте үштілі білімді дамыту тәжірибемізді ұтқырлық және қос диплом бағдарламасы аясында Түркия, Оңтүстік Корея, Қытай, Польша, Болгария мемлекеттерінің және Ресей Федерациясының жетекші оқу орындарында университеттің студенттері мен магистранттары, докторанттары білім алууда. Сонымен қатар, «Шетел тілі»: «Екі шетел тілі» мамандығы бойынша екінші шетел тілі ретінде корей, қытай, араб тілдері бойынша оқу топтары жасақталып, соған сәйкес оқу үдерісі ұйымдастырылып келеді.

Қазақстан ЖОО-дың ұлттық рейтингінде Қорқыт ата атындағы КМУ көпсалалы ЖОО арасында 9-шы орынды иеленді. Университеттің білім беру қызметін 7 факультет және 10 кафедрасы 31 кафедра жүргізеді. Қазіргі таңда университетте жоғары білім беру – бакалавриатта 27 маман даярлау бағытында 64 мамандық, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру – магистратурада 16 даярлау бағытында 30 мамандық, докторантурада 8 даярлау бағытында 9 мамандық бойынша мамандар даярланады. Оқу орнында 7 бағыт бойынша докторлық диссертациялық кеңес ашылды.

Мамандықты дұрыс таңдау – табысты да мазмұнды өмірдің кілті. Сондықтан жас түлектерге мамандық таңдау жолында байсалдылық танытып, өмірден өз орындарын тауып, дүниенің бір кірпіші болып қалануларына шын жүректен тілектесіңіз!

– Сұхбатыңызға рахмет!

Өңгімелескен Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы».

SEMINAR-ТРЕНИНГ

Дені сау ұрпақ – ұлт мақтаншысы

Сандарға сүйенсек, дүниежүзі бойынша сусамыр дертіне шалдыққан 366 млн адам болса, 2030 жылға қарай бұл көрсеткіш 435 млн-ға дейін өсуі мүмкін деген болжам бар. Медицина тілінде «қант диабеті» деп аталатын бұл ауру соңғы кезде мектеп жасындағы оқушылар арасында да жиі кездесетін болды. Себебі, бүгінде бұл дерттің натқысы диагностика қою қиын. Ойгені, оның алғашқы сатысында көп су ішу, іштің ауыруы, құсу, кіші дәретке көп шығу сияқты белгілер байқалғанымен, оны дәрігерлер жұкналы ішек ауруларымен шатастырып жатады. Бұл ретте мықты сауаты маман сырқаттың алдын алуға септігін тигізеді.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА.

Осы орайда «Ұмай» мектеп жасына дейінгі балаларға арналған сауықтыру және тәрбиелеу қайырымдылық тәжірибесі облыстық денсаулық сақтау басқармасының әлеуметтік тапсырысы бойынша бірқатар іс-шаралар жасап келеді. Соның бірі – «Номад Палас» қонақ үйінің мәжіліс залында өткен «Социалды ауруы бар балалардың өмірі мен денсаулығын жақсартуға бағытталған жекеменшік мектептер мен денсаулық кабинеттері жұмысын ұйымдастыру» семинар-тренингі.



Оған қала және аудан бойынша жоба үйлестірушілері, бронх демікпесі және қант диабетімен сырқаттанатын балалардың ата-аналарын құрылған ата-аналар комитетінің белсенділері, емхана медикелері мен денсаулық кабинеттерінің мамандары қатысты.

Шара барысында облыстық денсаулық сақтау басқармасы ана мен баланы қорғау бөлімінің басшысы Бибизада Дүйсенбаева семинар-тренингтің мақсаты мен міндеттері туралы айтып, әр емханада бекітілген денсаулық

жұмысын жандандыруға назар аударды. Мұнан кейін облыстық балалар ауруханасының эндокринологы Гүлнұр Айжарықызы балалардағы қант диабеті туралы жалпы ақпаратпен таныстырды, сырқаттанған балаға қандай психологиялық көмек көрсету керектігін, науқас балалардың мектепке дейінгі мекемеге және мектепке бару ережесін түсіндіріп өтті.

Семинар соңында ата-аналар атынан сөз алған Людмила Лучникова дәрігерлер мен мамандарға алғысын білдірді.

ДЕНСАУЛЫҚ

Тегін дәрі-дәрмек беру процесі бақылауда болады

Облыс бойынша 66 571 тұрғын жолдама арқылы 210 230 дәрілік заттармен қамтамасыз етілді. Дәрілік заттардың жалпы құны 1,7 млрд теңгені құрады.

Тегін дәрі-дәрмек пен медициналық мақсаттағы бұйымдарды беру барысын бақылау нәтижелері белгілі болды.

2019 жылдың сәуір-маусым айларында тегін дәрі-дәрмек алғандар тізіміне енген пациенттердің телефондарына SMS-хабарлама жіберілді. Барлығы 1 миллионнан астам SMS-хабарлама жіберілген. Хабарламада рецепті нөмірі мен дәрінің берілген күні көрсетілді. Препараттар үшін мәнінде қолына тимеген пациенттерге SMS-хабарламаға жауап ретінде «0» цифрын жолдау немесе «СК-Фармация» ЖШС-ның 1439 байланыс нөміріне қоңырау шалу ұсынылған болатын.

Облыс тұрғындарына 43 262 SMS-хабарлама жіберілді, нәтижесінде 348 адам дәрі-дәрмектер мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды қабылдамаған. Жалпы SMS-хабарлама қорытындысы бойынша, қорға 27 798 пациенттен жауап келді. Оның ішінде 4 137 пациенттің дәрі-дәрмекті алмағаны анықталды. Хабарламаның басым бөлігін Қызылорда, Маңғыстау, Шығыс Қазақстан, Түркістан және Алматы облыстарының тұрғындары жолдаған.

Сондай-ақ, бұл мониторинг жасалған рецептілер мен қолма-қол берілген дәрілер саны бір-біріне сәйкес келмейтін 10 медицина ұйымын анықтауға мүмкіндік берді. Олардың қатарында амбулаториялық-емханалық қызметі бар Жалағаш аудандық орталық аурухананы Қызылорда облыстық медицина орталығы, Маңғыстау облысындағы №1 Ақтау қалалық емханасы, Шығыс Қазақстан облысындағы Ұлан аудандық орталық ауруханасы, Жетісай аудандық «Асықата» ауруханасы, Түркістан облысындағы Түлкібас аудандық орталық ауруханасы, Алматы облысындағы Талғар және Іле аудандық орталық ауруханалары бар.

Естеріңізге сала кетсек, медициналық сақтандыру қоры өткен жылдың басында кепілдендірілген тегін көмек пакеті шеңберінде берілетін дәрі-дәрмек пен медицина бұйымдарына ақы төлеу тәртібін өзгерткен болатын.

Қор бытыр дәрі қолма-қол берілген және «Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету» ақпараттық жүйесіне енгізілген рецептілерге ғана ақы төлеуге көшілді. «Пациенттерден келіп түскен барлық хабарламаларды Қор тіркеуге алғаннан кейін өңделді. SMS-хабарламалар жүйеге пациенттердің өздерін тартуға мүмкіндік берді. Нәтижесінде ақпараттық жүйедегі мәліметтер мен дәрі-дәрмекпен нақты қамтамасыз

ету көрсеткіші арасында едәуір алшақтық бары анықталды» деп түсіндірді «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ басқарма төрағасы Айбатыр Жұмағұлов.

МСҚ республикалық бюджеттен қаржыландырылатын тегін медициналық көмек (ТМККК) пакетінің және жұмыс берушілер, азаматтар мен мемлекет жарнасы есебінен қаржыландырылатын міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) пакетінің операторы 2018 жылдан бастап қор ТМККК пакеті шеңберінде көрсетілген қызметтер ақысын төлеп келеді. МӘМС пакеті бойынша қызмет көрсету 2020 жылы басталады.

Дәрі-дәрмек пен медициналық мақсаттағы бұйымдарды «СК-Фармация» ЖШС сатып алады (МСҚ-мен арадағы келісімшарттан түскен қаржы есебінен). «СК-Фармация» дәрі мен медициналық бұйымдарды келісімшарт бекіткен медицина ұйымдарынан түскен өтініштер негізінде сатып алады. 2019 жылы МСҚ мен «СК-Фармация» ЖШС арасындағы келісімнің құны 86,9 млрд теңге болды.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ облыс бойынша филиалының халықты ақпараттандыру және өтініштерді қарау жөніндегі бөлімі.

РЕЦЕПТ БОЙынША БЕРІЛЕТІН ДӘРІЛЕРДІ АЛУ БАРЫСЫН БАҚЫЛАУ

1 млн. астам SMS хабарлама жіберілді

ЖАУАПТАР **ТОП 7 БЕЛСЕНДІ АЙМАҚТАР**

БАРЛЫҒЫ: **4 183 жауап**

ДӘРІ-ДӘРМЕК АЛМАҒАНДАР: 4137 жауап

САЛЫММЕН САҚТА САУЛЫҚТЫ

Медицина ұйымдарына 24 млрд теңге төледі

Осы жылдың 20 маусымындағы мәліметтер бойынша, Қормен келісімшарт бекіткен жеткізуші компанияларға 23,9 млрд теңге төленді.

Бұл кепілдендірілген медициналық көмек пакеті шеңберінде бекітілген келісімшарттардың жалпы сомасының 56,5%-і, – дейлі аталған қордың облыстық филиалының директоры Руслан Бектібаев.

2019 жылы МСҚ кепілдендірілген көмек түрлерін көрсету-ге құлшыныс білдірген медицина ұйымдарымен 42,4 млрд теңгенің келісімшартын бекіткен болатын.

Бұл өткен жылы бөлінген қаржыдан 8,5%-ке артық.

Оның айтуынша, жұмыс кестеге сай жүріп жатыр. Бөлінген қаражат медицина мекемелерінің операциялық шығындарын өтеуге жеткілікті екен.

Биыл мемлекеттік тапсырысты орындауға 74 медицина ұйымы атсалысты. Айта кетейік, оның ішінде 44 жекеменшік клиника бар.

Мемлекеттік тапсырысты алған жекеменшік клиникалар саны жағынан Шымкент, Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары мен Қызылорда және Жамбыл облыстары көш бастап тұр.

Естеріңізге сала кетсек, МСҚ 2018 жылдан бастап ТМККК және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) пакеттерінің қаржылық операторы болып табылады және халыққа көрсетілетін медициналық қызметтерді ҚР Үкіметі бекіткен тәртіп бойынша сатып алады.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ облыс бойынша филиалының халықты ақпараттандыру және өтініштерді қарау жөніндегі бөлімі.

Құттықтаймыз!

Көп жылдар бойы өскелең жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беріп келе жатқан Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ұлағатты ұстаздары, профессорлар Жайсанбаев Темірбек Раманқұлұлы мен Табулова Айнагүл Біркенқызының шаңырақ көтеріп,

отату құрғандарына 50 жыл толып, «Алтын тойын» өткізу үстінде.

Өздері үш қыз, бір ұл өсіріп, он екі немере мен екі шөбере сүйіп отырған ардақты ата, асыл әже. Қос ұстазға зор денсаулық және еліміздің оқу-білім саласына үлесін одан әрі қосып, ұзақ өмір сүре беруіне тілектестік білдіреміз.

Құттықтаушы, университет ұжымы.

Құттықтау

Құрметті теміржол саласының ардагерлері!

"КТЖ-Жүк тасымалы" АҚ "Қызылорда бөлімшесі" МК филиалы, "Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы" қоғамдық бірлестігінің Қызылорда филиалының басшылықтары мен Ардагерлер кеңесі, Сіздерді көлік қызметкерлері күнімен құттықтайды!

Бүгінгі күні теміржол саласының дамып, өркендеуі жолында Сіздердің еткен еңбектеріңіз орасан зор. Қоғамдық маңызы зор жауапты қызметтегі біліктіліктеріңіз бен көлік саласындағы сүбелі үлестеріңізді біз әрдайым жоғары бағалаймыз. Осы мерекелі күнде Сіздерге мықты денсаулық, отбасылық амандық және несібелі жетістіктер тілейміз.

Байқауда бағын сынайды

Қазалылық 340 оқушы «Қазақ Ерос» республикалық ағарту жобасының «Тұлпар мінсіп, ту алған» байқауына қатысып, бағын сынамақшы.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.



Оқушыларды іріктеу жарысы 15 қыркүйекте өткізіледі деп жоспарлануда. Қазір Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында айтылған міндеттерді іске асыру мақсатында ұйымдастырылатын байқауға дайындық қызу жүргізілуде.

Оқушылардың әзірлігі жоғары деңгейде. №249 мектеп-лицейдің, №226 мектеп-гимназияның, №88 мектептің оқушылары Аймыр Әбдірахым, Гүлзира Қонысбай, Ғазиза Айдарбекова, Аяя Сердалы, Жазира Нұрқаш, Айгерке Төрөмұрат (жетекшілері Гүлфайруз Әлішева, Мейрамкүл Жолекеш, Сұлтанғазы Томай) Қобыланды батыр жырын түгелдей жаттап алды.

Қазалы ауданы.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады. **E-mail: smjarnama@mail.ru**

LATYN QARPIN ÜIRENEMİZ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ Құрметті оқырман!

Облыстық «Сыр бойы» және «Ақмешіт жастары» газеті жалпыхалықтық латын қарпіне үйрету жұмыстарын бастады. Бүгін сабақтың – алтыншы күні.

Бұл жоба «Қазақ әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезек-кезеңімен көшіру жөніндегі республикалық іс-шаралар жоспары» жүзеге асыру мақсатында қолға алынды.

Ұсынылып отырған әдістемелік құрал латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің әріптерін жазуға үйрену техникасын жетілдіреді. Графикалық тапсырмаларды орындау арқылы тіл үйренуші әріптерді дұрыс жазуды және олардың байланысын ажыратуды меңгереді.

Тапсырмаларды дұрыс орындап, e-mail: tilortalyk_kz@mail.ru электронды поштасына жолдасаңыз болады.

Aty-jöni: _____

Ff

1. Aripti jazynyz.

F _____

2. Sözderdi oqynyz. Qajetti aripti jazynyz.

ilosofia, paragra mü ti, _estivál, _yibol, _oto, _artýk, ko_e, _abrka, orma, _enomen, okýs, ornyla, _mans.

3. Sölemdi köshirip jazynyz.

Önerpazar balalarga fokýs önerin körsetti.

Farida birinshi paragrafny oqydy.

Farhat án festiváline qatysty.

4. Sýretterdi sipattap, sözben jazynyz.



5. Sýretti sipattanyz.



Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҒҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Кезекші редактор **Назерке САНИЯЗОВА.**